

## "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 356/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 қарашада № 4162 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 127/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 03.07.2017 № 127/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзібасқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органыныңүлгі ережесін бекітутуралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес қажетті іс-шаралар қабылдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Е.Ахамбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Ысқақова*

Май ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы " 24 " қазан  
№ 356/10 қаулысымен  
бекітілді

## "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудан көлемінде стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 140800, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе ауылы, Қазыбек би көшесі, 23-үй.

10. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі:

дүйсенбі-жұма – сағат 09:00-ден сағат 18:30-ға дейін, түскі үзіліс – сағат 13:00-ден сағат 14:30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Отдел экономики и бюджетного планирования Майского района".

12. Мемлекет Май ауданының әкімдігі тұлғасында "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы ереже "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудан бюджетінен жүзеге асырылады.

15. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"**

### **мемлекеттік**

### **мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

16. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: аудан тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсарту мақсатында экономикалық және бюджеттік жоспарлау сұрақтарындағы мемлекеттік саясатты аудан деңгейінде іске асыру.

17. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты: Май ауданының мемлекеттік экономикалық саясатын іске асыру және мемлекеттік жоспарлау жүйесін дамыту болып табылады.

18. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметінің мәні: экономикалық және бюджеттік жоспарлау мәселелеріндегі мемлекеттік саясатты аудандық деңгейде жүзеге асыру болып табылады.

19. Міндеттері:

1) ауданның әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру;

2) ауданның бюджеттік, салық, инвестициялық саясатының басымдылығы және негізгі бағдарламаларын құру және жоспарлау;

3) ауданның жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді құрылымын қалыптастыру.

20. Функциялары:

1) ауданның (экономиканың нақты секторы мен өндірістік инфрақұрылымдарына, әлеуметтік салаға және басқаларға), сондай-ақ ауылдар, ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сараптама жасау, туындаған мәселелерді және ауданның даму диспропорциясын анықтау, оларды шешу жолдарын белгілеу;

2) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын қалыптастыру, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары бойынша анықтамалар, талдамалық жазбалар әзірлеу;

3) ауданның өкілетті органдарының, барлық меншік түріндегі ұйымдармен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді және басқа да жоспарларын, аудандық бағдарламаларды әзірлеу кезіндегі жұмысына әдістемелік басшылық ету және үйлестіру, олардың орындалуын мониторингілеу;

4) ауданның әлеуметтік-экономикалық паспортын әзірлеу;

5) Аумақты дамыту бағдарламасын жасау, түзетулер енгізу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау;

6) аудан әкімі мен әкімдігінің актілерінің жобаларын олардың экономикалық мақсаттылығы мен облыстың және ауданның экономикалық, әлеуметтік даму жоспарына сәйкестігі бойынша келісімдеулер жүргізу;

7) аудан бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметінің нәтижелігіне стратегиялық мақсат пен міндетке жету бағыты бойынша бағалау жүргізу;

8) бюджеттік инвестициялық жобалар мен бюджеттік инвестициялар тізімін қалыптастыру, әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражаты есебінен іске асырылатын техникалық-экономикалық негіздемелердің қажетті сараптамасын жүргізу, экономикалық қорытындылар әзірлеу;

9) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды және республикалық, облыстық бюджеттерден бөлінетін нысаналы даму трансферттер есебінен іске асырылатын жобаларды мониторингілеу және іске асыруды бағалау;

10) жергілікті атқарушы органдармен, аумақтық салық органымен (келісім бойынша) бірлесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын есепке ала отырып, бюджеттің кірісін болжамдау;

11) жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінің ұйымдастырушылық және функционалдық сараптамасын жүргізу, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыру, ауданды басқару сызбасын әзірлеу;

12) аудандық бюджетті бекіту, нақтылау және өз күзіреті шегінде басқа да мәселелер туралы аудан әкімдігінің қаулылары мен аудандық мәслихат сессиясының шешімдері жобаларын әзірлеу;

13) аудан әкімдігінің аудандық мәслихат сессияларының бюджет мәселелері жөніндегі шешімдерін іске асыру туралы қаулыларының жобаларын әзірлеу;

14) мемлекеттік тілді дамыту және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру, жүргізу және жетілдіру, ақпараттық ресурстар жүйелерінің қызмет істеуін қамтамасыз ету;

15) көтерме жәрдемақылар, бюджеттік несиелер беру, оларды тіркеу, жасалған келісімдердің талаптарының сақталуы, бюджеттік несиелердің пайдаланылуы, өтелуі және қызмет көрсетілуі барысы туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау, бюджеттік несиелерді пайдалану тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

16) жүктелген міндеттерді орындау үшін мемлекеттік органдармен, барлық меншік түріндегі ұйымдар және лауазымды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарды іске асыру;

17) аудан әкімі мен әкімдігінің актілерін, аудан әкімі тапсырмаларын орындау және орындауды ұйымдастыру.

#### 21. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімі мен әкімдіктің қарауына ауданының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы мен басымдықтары, мақсаттары бойынша; жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қабылдаған ауданының қолданыстағы даму стратегиясын іске асыруға кедергі жасайтын актілеріне өзгерістер енгізу немесе олардың күшін жою бойынша ұсыныстар енгізу;

2) бекітілген тәртіппен мемлекеттік органдар, ұйымдар, кәсіпорындар, лауазымдық тұлғалар мен азаматтардан келісім бойынша бөлімнің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша ақпараттар сұрату және оларды алу;

3) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасын орындау және қолдану бойынша тапсырмалар беру;

4) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдарды олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тарту;

5) бөлімнің мүдделерін мемлекеттік органдарда, сотта ұсыну;

6) өз құзыреті шегінде шарттар, келісім-шарттар жасау;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа өкілеттіктерді іске асыру.

### **3. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

23. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданның әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық етеді;

2) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін көтермелейді, материалдық көмек көрсетеді, тәртіптік шара қолданады;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерін, оның қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан өкілдік етеді;

8) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

9) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмысының перспективті және ағымдағы жоспарларын бекітеді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және дербес жауап береді;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (жергілікті атқару органы) арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саладағы уәкілетті органдардың (жергілікті атқарушы органдардың) өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және ұжымдық шартпен реттеледі.

#### **4. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

28. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

31. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі таратылған кезде, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.